Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзиреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерін өз бетімен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыны қайта жабдықтау немесе үлгілендіру дайындаушымен келісе отырып қана орындалуға рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындары мен бөлшектері, сонымен қатар дайындаушы фирмамен қолдануға рұқсат етілген құрылымдаушылар пайдаланылымының сенімділігін қамтамасыз етуге тартылғандар.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану осының салдарының нәтижесінде туындаған жауапкершілігіндегі дайындаушы бас тартуын туындатады.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Эксплуатационная надежность поставляемого оборудования гарантируется только в случае применения в соответствии с функциональным назначением согласно разделу «Область применения». Предельно допустимые значения, указанные в технических данных, должны обязательно соблюдаться во всех случаях.

1.10 Мөлшерлеу сорғысының ақаулығы жағдайындағы жүйенің қауіпсіздігі

DME мөлшерлеу сорғылары ең замануи технологияларына сәйкес жасалды, мұқиятты түрде дайындалған және сынақталған.

Дегенмен де, мөлшерлеу жүйесінде жұмыс бұзылулары туындауы мүмкін. Мөлшерлеу сорғылары орнатылған жүйелері мөлшерлеу сорғысының бұзылғандығы жағдайында барлық жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндегі жобалануы керек. Бұл үшін бақылау мен басқарудың сәйкес функциялары қарастырылған.

Сорғыдан таматын немесе ақаулы желілердегі реагенттер жүйе компоненттерін немесе ғимаратты зақымдамауы үшін шаралар қабылдау керек. Жылыстауды басқару және тұғырық-жинақтарды құрастыруға арналған қондырғыны қолдану ұсынылады.

Назар аударыңыз



Ескертпе

Қорек кернеуін қосар алдында мөлшерлеу басында болатын реагенттер шашырамайтындай және адамдарға қауіп төндірмейтіндей етіп, мөлшерлеу желісін қосу керек.



Ескертпе

Айдау ортасы қысым астында болады және адамдар денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіпті болуы мүмкін.



Ескертпе

Реагенттермен жұмыс барысында орнату орнында қолданылатын техника ережелерін орындау керек (мысалы қорғаныш киімі кию).

Реагенттермен жұмыс барысында реагентті өндірушінің қауіпсіздік төлқұжатын және қауіпсіздік техникасының ережелерінің нұсқамаларын сақтаған жөн!



Ескертпе

Кристалдаушы ортаны қолдану барысында сорғы мембрана арқылы тамшылауды табу құрылғысымен жабдықталуы керек.

Назар аударыңыз

Деаэрация клапанына контейнерге мысалы, тұғырыққа шығарылған деаэрация түтікшесі жалғануы тиіс.

Назар аударыңыз

Мөлшерлеу ортасы сұйық агрегатты күйде болуы керек!

Мөлшерлеу ортасының мұздау және қайнау температурасын ескеру керек!

Мөлшерлеу ортасымен байланысқа түсетін бөлшектердің, мысалы мөлшерлеу бастиегі, клапан шаригі, төсемдер және желілердің химиялық бекемдігі оның температурасы мен жұмыс қысымынан байланысты болады.

Мөлшерлеу ортасымен байланысқа түсетін бөлшектердің жұмыс жағдайларында сәйкес химиялық бекемдігі барлығына көз жеткізіңіз, каталогты қар!

Егер сізде материалдардың тотығуға бекемдігі мен белгілі бір мөлшерлеу ортасы үшін сорғыны қолдану мүмкіндігіне қатысты сауалдар туындайтын болса, Grundfos-қа жүгініңіз.

Ескертпе

Химикатты ауыстыру барысында сорғы-мөлшерлегіште және жабдықтың басқа буындарында қолданылатын материалдарының химиялық бекемдігін тексеру талап етіледі. Егер әр түрде айдау орталарының арасындағы химиялық реакция қаупі болатын болса, онда химикатты қолданар алдында сорғы-мөлшерлегішті және жабдықты сәйкес реагентімен тұтас мұқиятты түрде жуу керек.

Операциялар кезектілігі:

Сорып алатын магистральді таза су көзіне немесе нейтралдаушы реагенті бар сыйымдылыққа қосу керек және барлық химикаттар қалдығы жойылғанға дейін (100%) түймесін басу керек.

Егер (100%) және \triangleright түймелері бір уақытта басылмаса, сорғы бірнеше секунд бойы мейлінше жоғары өндірімділігімен жұмыс істейтін режимге ауыса алады. Дисплейде сорғының осы пайдалану режимінен шығуына дейінгі уақыты көрінетін болады.

Мейлінше жоғары интервал 300 секундты құрайды.

Назар аударыңыз!



Назар аударыңыз!

1.12 Мембрананың зақымдануы жағдайында жүйенің қауіпсіздігі

Егер мембрана зақымданған болса және тамшыласа, мөлшерлеу сұйықтығы дренажды штуцерден мөлшерлеу басына ағатын болады (2-сур. қар.). 15.1 Мембрананың зақымдануы тарауын қар.

Ескертпе

Сорғы корпусына мөлшерлеу сұйықтығы түсуі жағдайында жарылыс қаупі!

Зақымданған мембранамен жұмыс сорғы корпусына мөлшерлеу сұйықтығының түсуіне алып келеді. Мембрана зақымданған жағдайда тез арада сорғының қорегінен ағытыңыз!

Сорғының кездейсоқ қайта қосылып кетпегеніне көз жеткізіңіз!

Сорғыны қорегіне қоспай, мөлшерлеу басын шешіңіз және сорғы корпусында мөлшерлеу сұйықтығының жоқтығына көз жеткізіңіз. Бұдан әрі 12.3.2 Мембраналар мен клапандарды бөлшектеу тарауының нұсқауларын сақтаңыз.



Мембрананың зақымдануы нәтижесінде қауіп туындауын болдырмау үшін, келесі нұсқаулықтарды басшылыққа алыңыз:

- Техникалық қызмет көрсетулерді жүйелі түрде орындаңыз. 12.1 Жүйелі техникалық қызмет көрсету тарауын қар.
- Блокталған немесе бітелген дренажды штуцері бар сорғыны пайдалануға үзілді-кесілді тиым салынады.
- Егер дренажды штуцер блокталған немесе бітелген болса, 12.3.2 Мембраналар мен клапандарды бөлшектеу тарауын қар.
- Құбыршекті дренажды штуцерге жалғауға үзілді-кесілді тиым салынады. Егер дренажды штуцерге құбыршек жалғанған болса, мөлшерлеу сұйықтығының жылыстауын табуға мүмкіндік болмайды.
- Мөлшерлеу сұйықтығының мүлікке нұсқан келтірмеуін және денсаулыққа зияндық жасамауы үшін, қажетті сақтық шараларын қабылдаңыз.
- Мөлшерлеу бастиегінің зақымданған немесе жеткіліксіз түрде тартылған бұрандалары бар сорғыны пайдалануға үзілді-кесілді тиым салынады.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабуды вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Мейлінше жоғары сақтау мерзімі 2 жылды құрайды.

Сақтау және тасымалдау барысындағы температура: -20°C -ден $+70^{\circ}\text{C}$ дейін.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе

Осы Нұсқаулықтағы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамаларды орындамау адамдар өміріне және денсаулығына қауіпке ұшырататын салдарлар.



Ескертпе

Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсу себебі және адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпті салдарларына ие болуы мүмкін.

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.

Назар аударыңыз

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

Нұсқау

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Атаулы Нұсқаулық AR және AP орындалымындағы DME сорғыларына таратылады.

Екі басқару нұсқаларында қолжетімді:


1. AR: Ұқсас кіру/шығу және сигналды реле;
2. AP: AR қосу нұсқасы ProfiBUS бойынша қосу. DME мөлшерлеу сорғылары өздігінен соратын мембраналы сорғылары болып табылады.

Сорғылар мыналардан тұрады:

- жетегі және электронды блогы бар корпустан;
- мөлшерлеу бастиегінен: құрылым сорғыны толтыру және ауа жою процесін тиімдендіру үшін, ұштастыратын бөлшектерінің арасында мейлінше төмен саңылауы бар. Мөлшерлеу бастиегі кіріктірілген желдеткішті клапанымен жабдықталған;
- сонымен қатар дисплей және пернетақтасы бар басқару панелінен.

Басқару панелі корпустың алдыңғы немесе бүйірлік жағында орнатылады.

Фирмалық тақташа



Айқ. Атауы

1	Типтік белгілері
2	Кернеу [В]
3	Токтың жиілігі [Гц]
4	Токтың қуаты [А]
5	Модель
6	Штрих-код
7	Тұтынылатын қуаттылық [Вт]

Айқ. Атауы

8	М.ж. өндірілімділік [л/сағ]
9	М.ж. жұмыс қысымы [МПа]
10	М.ж. жұмыс қысымы [бар]
11	Өндіруші ел
12	Қорғаныш дәрежесі
13	Нарықтағы айналдым белгілері

1-сур. Фирмалық тақташа

Шартты типтік белгілері

Типтік белгілері баптауларды орындау емес, нақты сорғыны сәйкестендіру үшін қолданылады.

Код	Мысал	DME	60-	10	AR-	PP/	V/	C-	F-	3	1	A1	F
	Сорғы типі												
	М.ж. өндірімділік [л/сағ]												
	60												
	150												
	375												
	940												
	М.ж. қысым [бар]												
	4												
	10												
	Басқару тәсілдері												
B	Қолмен басқару												
AR	Импульсті/ұқса кіру және сигналды реле												
AP	AR+ProfIBUS нұсқасы												
	Мөлшерлеу бастиегінің материалы												
PP	Полипропилен												
PV	PVDF (поливинилиденфторид)												
SS	Тот баспайтын болат 1.4401												
	Тығыздау материалы												
E	EPDM												
V	FKM												
T	PTFE												
	Шарлы клапан материалы												
C	Керамика												
G	Әйнек												
T	PTFE												
SS	Тот баспайтын болат 1.4401												
	Басқару блогының күйі												
F	Алдыңғы жағынан құрастырылады												
S	Бүйір жағынан құрастырылады												
	Кернеу												
3	1 x 100-240 В, 50-60 Гц												
	Клапан түрі												
1	Стандартты												
2	Пружиналанған (HV орындалымы)												
	Сорып алу/айдау жағынан жалғаным												
A1	Rp 3/4" бұрандасы												
A2	Rp 1 1/4" бұрандасы												
A3	NPT 3/4" бұрандасы												
A4	NPT 1 1/4" бұрандасы												
Q	Құбыршек, 19/27 мм және 25/34 мм												
	Электр қорегі кабелінің вилкасы												
F	ЕС (Schuko қорғаныш түйсіуімен)												
B	АҚШ, Канада												
G	Ұлыбритания												
I	Австралия, Жаңа Зеландия, Тайвань												
E	Швейцария												
J	Жапония												
L	Аргетина												

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз. Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз. Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту

Ескертпе

Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.



Назар аударыңыз

Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.

Назар аударыңыз

Сорғыны тастамаңыз және құлатып алмаңыз.

DME мөлшерлеу сорғысы картонды қорапта жеткізіледі. Тасымалдау және аралық сақтау уақытында сорғыны орауында ұстаңыз.

6. Қолданылу аясы

DME сорғылары сұйық, абразивті емес, тұтанбайтын және жанбайтын ортаны осы Нұсқаулықта келтірілген нұсқамаларға сәйкес мөлшерлеу үшін арналған.

Қолданылу саласы (басқалардан өзге):

- ауыз суды дайындау су жүйелерінде,
- ағын суды тазарту стансаларында,
- сулы салқындатуға арналған су дайындау жүйелерінде,
- кір жуу машина-автоматтары үшін,
- өнеркәсіптік технологиялық процесстерге арналған су дайындау жүйелерінде,
- химиялық өнеркәсіптерде,
- ЖЭС су дайындау жүйелерінде,
- өнеркәсіптің барлық саласындағы технологиялық процесстерде.

7. Қолданылу қағидаты

Сөлшерлеу сорғысының электр қозғалтқышын басқару сорғының қандай өндірімділік диапазонында жұмыс істейтіндігіне қатыссыз мөлшерлеу берілісінің кезеңдік сипаттамалары мейлінше жоғары тұрақты және мөлшерлеу тең дәрежеде болатындай етіп жүзеге асырылады. Бұл келесі жолдармен қамтамасыз етіледі: сорып алу циклындағы айналым жылдамдығы тұрақты болып сақталады, ал айналым сорғының өндірімділігіне байланыссыз, тиісінше қысқа орындалады. Мөлшерлеп беру циклындағы айналыс дәстүрлі мөлшерлеуіш-сорғыларда орын алатын қысқа жүріп отырып ауысумен сипатталмайды, ал мөлшерлеп беру циклындағы мейлінше жоғары мүмкін болатын ұзақтығымен ұзақ ауысумен сипатталады. Осының арқасында елеулі шарықтау мәндерсіз бірқалыпты мөлшерлеуге қол жетеді. Сорғы мөлшерлеп беру режимінде үнемі толық ұзын айналыспен жұмыс істейтіндіктен, жақсы сорып алу мен жоғары дәлдік мөлшерлеу қамтамасыз етіледі.

Бұларға 1:800 диапазонында баппен реттелетін көлемді берілу мәні әсерін тигізбейді.

Сорғы сұйықкристалды дисплеймен және сорғының кез-келген функциясына кіруді қамтамасыз ететін, қолдануға ыңғайлы басқару пернетақтасымен жабдықталған.

8. Құрастыру



Ескертпе

Ашық ауада құрастыру үшін, күннен қорғау көзiлдірігі керек!

8.1 Құрастыру орны

- Сорғыға тікелей түсетін күн сәулесінің әсерінен қорғау керек. Әсіресе, пластмассалы мөлшерлеу бастиегі бар сорғылардың пластмассалы бөлшектерінің зақымдануын күн сәулелері туындатуы мүмкін болатындықтан, оларды сақтау маңызды.
- Ашық ауада сорғыны құрастыру барысында аспа қондырғысын немесе сорғының жаңбыр немесе атмосфералық әсерінің басқа ықпалынан ұқсас қорғауларды қамтамасыз ету керек.

8.2 Сорғыны құрастыру

- Сонымен қатар 8.3 Жабдықты құрастыру үлгісі тарауын қар.

Мөлшерлеу басында зауыттық сынақтаулардан қалып қойған су болуы мүмкін.

Сумен байланысқа қолжетімсіз болған ортаны мөлшерлеу берілісі барысында құрастырар алдында мөлшерлеу басынан судың қалдығын жою үшін, басқа айдау сұйықтығымен сорғыға алдын ала жұмыс істету ұсынылады.


Мөлшерлеу басының бұрандасын динамометрикалық кілтпен пайдалануға енгізер алдында және пайдалану сәтінен 2-5 сағат өткеннен соң, 5,5 Нм (+0,5/-0 Нм) айқыш-ұйқыш тартыңыз.

Назар аударыңыз

- Сорғыны магистральдарға қосу барысында үнемі негізде болуы керек, ал сорып алатын және тегеурінді келте құбырлары тік орналасуы керек.
- Пластмассалы бөлшектерін құрастыру үшін, үнемі сәйкес құралдарын қолдану керек. Мұнда шамаланған күшті қолдануға жол беріледі.
- Сорғы-мөлшерлегішті немесе басқа да қалған жабдықтарды жобалау және орнату келесі талаптар есебінен орын алады: сорғының немесе зақымдалған құбыршектер/ құбырлар сыртынан түсетін химикаттар еш уақытта жабдық немесе ғимараттың зақымдану себебі болмауы керек. Жылыстауды бақылау және түпқойма-жинақты құрастыруға арналған құрылғыларды қолдану ұсынылады.
- Мөлшерлеу бастиегінің дренажды штуцері төмен бағытталуы барысындағы құрастыру жағдайларын жасау керек, 2-сур. қар.

Құбыршекті дренажды штуцерге жалғауға үзілді-кесілді тиым салынады.

Назар аударыңыз




2-сур. Дренажды штуцер

TM02 7066 2503

8.3 Жабдықты құрастыру үлгісі

3-сур. жабдықты құрастыру үлгісі келтіріледі. DME үлгісінің сорғы-мөлшерлегіші үшін, құрастырудың әр түрлі нұсқалары болады. Үлгіде пернетақталы басқару пульті сорғы бүйіріне орналасқан. Сұйыққойма өзімен химикаттар дайындауға арналған деңгейді бақылау жүйесі бар Grundfos фирмасының бағы ұсынылады.



TM02 7065 0604

3-сур. Жабдықты құрастырудың типтік сызбасы

9. Электр жабдықтарын қосу

- Электр жабдығын қосу ЭЭК жазбаларына және жергілікті энергияны үнемдеу жазбаларына сәйкес маманмен орындалуы керек.
- Сорғы электр қозғалтқышының деректерін 14.2. Электр жабдығының техникалық деректері тарауынан қар.
- Егер сигнализация кабельдері бар болса, онда олар оқшауланған кабелді каналдарда салынуы керек.

Желілік кернеуінің жиі ағытылуы мысалы реле көмегімен электронды жабдықтың зақымдануына және сорғының сынуына алып келеді. Бұдан өзге іші қосылымдарынан мөлшерлеу дәлдігі төмендейтін болады. Мөлшерлеу барысында желілік кернеуінің көмегімен сорғыны реттеуге болмайды! Сорғыны «Внешний останов» функциясының ғана көмегімен іске қосыңыз және тоқтатыңыз!


Назар аударыңыз

Ескертпе



Қорғанышты ажырату құрылғысы іске қосылмаған жағдайда өмірге қауіп тудырады! Егер сорғы қосымша қорғаныш ретінде қорғанышты ажырату құрылғысы қолданылатын электр қондырғысына қосылатын болса, онда соңғысы тұрақты токты құрайтын жерге тұйықтау нүктелерінде болғанда іске қосылуы керек (жүріп тұрған және жазылыңқы тұрақты токты құрайтын). Бұл кез-келген ток үшін В типіндегі қорғанышты ажырату құрылғысын қолдану қажет.

9.1 Электрлі сызба



TM02 7069 0307

4-сур. Электрлі жалғаным сызбасы

1-кабель: Ұқсас импульсті сигналға арналған кіру мен мембрананың жарылу датчигінен шығатын сигнал

Нөмірі / түсі	1 / қоңыр	2 / ақ	3 / көк	4 / қара	5 / сұр
Тағайындалымы					
Ұқсас сигнал				Кіру (-) 4-20 мА	Кіру (+) 4-20 мА
Импульсті сигнал	Потенциалсыз		Потенциалсыз		
Импульсті сигнал	5 В		Жер		
Нөмірі / түсі	2 / қара		3 / қоңыр		4 / көк
Мембрана жарылуы*	5 В		PNP		Жерге тұйықтау

*Grundfos мембранасының жарылу датчигі, өнім нөмірі 96534443

2-кабель: Авариялық сигнал шығуы

Нөмірі / түсі	1 / қоңыр	2 / ақ	3 / көк
Тағайындалымы			
Авариялық сигнал релесі	Жалпы	Қалыпты ажыратылған	Қалыпты тұйықталған


3-кабель: Сыртқы тоқтауға арналған кіру, мөлшерлеу мониторынан сыртқы сигналға арналған кіру немесе мөлшерлеу сорғысының қалыпты жұмысы сигналының шығуы

Нөмірі / түсі	1 / қоңыр	2 / ақ	3 / көк	4 / қара	5 / сұр
Тағайындалымы					
Сыртқы тоқтау (кіру)	5 В			Жер	
Сыртқы тоқтау (кіру)	Потенциалсыз		Потенциалсыз		
Мөлшерлеу мониторының сигналы			Потенциалсыз		Потенциалсыз
Мөлшерлеу мониторының сигналы				Жер	5 В
Сигнал шығуы (сорғы жұмыс істейді)		Алшақтатылған түйісу (NPN)*		Жер	

* Алшақтатылған түйісуге реле немесе шам жалғана алады (NPN).

1. 5 В ішкі қорек көзін қолдануымен (тұр. ток):


М.ж. ток: 100 мА



TM03 7868 5006

2. Сыртқы қорек көзін қолдануымен:

М.ж. 24 В (тұр. ток): 100 мА



TM03 7868 5006

5-сур. Ішкі/сыртқы қорек көзін қолдануымен электрлі жалғанымдар сызбалары








4-кабель: Деңгейді бақылау датчигінің сигналдарының кіруі

Нөмірі / түсі	1 / қоңыр	2 / ақ	3 / көк	4 / қара
Тағайындалымы				
Сұйыққойма бос		Потенциалсыз*	Потенциалсыз*	
Сұйыққойма бос		5 В		Жер
Мейлінше төмен деңгей	Потенциалсыз*		Потенциалсыз*	
Мейлінше төмен деңгей	5 В			Жер

* Потенциалсыз түйісу сорғы мәзірі арқылы баптала алады (NO - қалыпты алшақталған және NC - қалыпты тұйықталған), 11.20 Кірулер конфигурациясы тарауынан қар.

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өткізіледі. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ.

Операция	Орындалу кезектілігі
1	 <p>Пайдалануға енгізер алдында мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын тартыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Пайдалануға енгізер алдында және 2-5 сағат пайдаланғаннан соң, 5,5 Нм сәтімен (+0,5/-0 Нм) динамометрикалық кілтпен мөлшерлеу бастиегін айқыш-ұйқыш тартыңыз.
2	 <p>Тұтқалары/құбырларды құрастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сорып алатын/тегеурінді тұтқаны сорғыға қосу • Ауаны шығаруға арналған клапанға тұтқаны жалғау (егер бұл қажет болса), оның басқа ұшын сұйыққоймаға түсіру. • Құбыршекті дренажды штуцерге жалғауға үзілді-кесілді тиым салынады.
3	 <p>Кабельді қосу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сорғыға басқару жүйесінің кабелін/деңгейді бақылау релесін (егер мұндайы бар болса) қосу, 9.1 тарауын қар.
4	 <p>Қорек кернеуін іске қосу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Дисплей экранының жарықшағы жанады, • Жасыл түсті сигнализация жүйесінің жарықдиоды жыпылықтай бастайды (сорғы ажыратылды). • Талап етілген тілді таңдау (егер бұл қажет болса), 11.34 тарауын қар.
5	 <p>Пайдалану режимін таңдау (11.23 Мөлшерлеуді бақылау тарауын қар.):</p> <ul style="list-style-type: none"> • РУЧНОЙ (қолмен басқару), • ИМПУЛЬСН (импульсті) • АНАЛОГОВ (ұқсас) • ТАЙМЕР (уақыт релесімен) • ПАРТИЯ (партияны жүктеу режимі)
6	 <p>Сорғыны қосу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Қосу/Ажыр» түймелерін басуымен сорғыны қосу. • Жасыл түсті сигнализация жүйесінің жарықдиоды тұрақты жарығымен жанады.
7	 <p>Мөлшерлеу бастиегін толтыру/ауаны жою:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сорғының басқару пультінің пернетақтасындағы  түймесін басу және қысымға қарсылықсыз сорғыға жұмыс істету. Егер қажет болса, ауа клапанын ашу. Егер  және  бір уақытта басылатын болса, сорғы бірнеше секундтар бойы мейлінше жоғары өндірімділігімен жұмыс істейтін режимге ауысады.
8	 <p>Калибрлеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Егер сорғымен сорып алу циклі аяқталған болса және қысымға қарсы сәйкестілігі барысында ол қалыпты жұмыс істейтін болады, 10.1 Калибрлеу тарауын қар.


Сорғыны тиімсіз атқарымдау жағдайында 16. Ақаулықтың алдын алу және жою тарауын қар.

10.1 Калибрлеу

Мөлшерлеу көлемінің мәні талап етілген дәлдігімен дисплей экранында көрінуі үшін, ол пайдаланылатын жүйеде мөлшерлегіш сорғының құрастырылуын аяқтағаннан кейін, сорғыны калибрлеуді орындау маңызды.

Сорғыны калибрлеудің екі түрлі тәсілі бар:

- Тікелей калибрлеу.
Мөлшерлеу берілісіндегі циклде 100 жұмыс айналымы үшін, сорғымен берілетін көлемі тікелей өлшенеді, *10.1.1 Тікелей калибрлеу* тарауын қар.
- Бақылау калибрлеуі.
10.1.2 Бақылау калибрлеуі тарауын қар.



6-сур. Сорғыны калибрлеуді орындау алгоритмі



10.1.1 Тікелей калибрлеу

Калибрлеуге кірісер алдында мыналарға көз жеткізу керек:

- сорғы қабылдау клапанымен, инжектормен және т.б. жиынтығындағы жабдықтарымен орнатылған;

- сорғы гидрожүйеде есептелген қысымға қарсылық болуы барысында жұмыс істейді (қажеттілігіне қарай қысымды қолдау клапанын орнату);
- сорғы сәйкес биіктігі барысында жұмыс істейді.

Тікелей калибрлеу барысында келесі операциялар қатарын орындайды.

Сорғының дисплейіндегі индикация	Сорғының дисплейіндегі индикация
1. Мөлшерлеу бастиегі мен сорып алатын құбыршекті толтыру.	
2. Сорғыны ажырату. Жасыл түсті сигнал беру жарықдиоды жыпылықтай бастайды.	
3. Сәйкес көлемдегі өлшеу цилиндрінің мөлшерлеу сұйықтығымен (Q_1) толтыру: DME 60: шамамен 1,5 л DME 150: шамамен 2,5 л DME 375: шамамен 6 л DME 940: шамамен 14 л	
4. Көлемін анықтау Q_1 және деректерін жазу.	
5. Сорып алатын құбыр шегін өлшеу цилиндріне қою.	
	<p style="text-align: center;">TM02.7067.2503</p>
6. Калибрлеу мәзіріне өту, сонымен қатар 11.22 Өлшем бірлігі тарауын қар.	
7.  түймесін екі рет басу.	
8. Сорғы мөлшерлеу берілісінің циклінде 100 жұмыс айналымын орындайды.	
9. Дисплейде дайындаушы зауытта калибрлеу барысында алынған мәні көрінеді.	
10. Өлшеу цилиндрінен сорып алатын құбыршекті суырып алу және қалған Q_2 көлемін анықтау.	
	
11. $Q_3 = Q_1 - Q_2$ мәндерін дисплейдегі терезеден орнату.	
12. Растау үшін,  түймесін басу.	
13. Енді сорғы калибрленді және дисплей қайтадан жұмыс индикациясының режиміне ауысады.	

10.1.2 Бақылау калибрлеуі

Калибрлеудің бұл тәсілінде калибрлеу мәнінің есебі белгілі бір уақыт аралығындағы химикаттар шығынының деректері бойынша және сол уақыт ішіндегі мөлшерлеу циклінің айналым саны бойынша жүзеге асырылады.

Бұл калибрлеу әдісі өте дәл және, әсіресе, ұзақ уақыттар бойы пайдаланғаннан кейін, бақылау калибрлеуі үшін немесе сорғыны тікелей калибрлеуді орындау мүмкін болмағанда жарамды.

Калибрлеу қажеттілігіне қарай сұйыққоймада химикаттарды алмастырумен немесе толтырумен үйлеседі.


Бақылау калибрлеуі мынадай ретпен орындалады:

1. Сорғы  түймесін баса отырып ажыратылады.
2. Сорғы есептегішінің көрсеткіштері салыстырылып оқылады және мөлшерлеу берілісінің циклінде жұмыс айналымы сандары жазылады, *11.16 Есептегіштер* тарауын қар.
3. Сұйыққоймадағы химикаттар көлемі анықталады және жазылып алынады.
4. Сорғы  түймесін баса отырып қосылады және оған кем дегенде 1 мин жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сорғы қаншалықты ұзақ уақыт жұмыс істейтін болса, соншалықты калибрлеу дұрыс орындалатын болады.
5. Сорғы  түймесін баса отырып ажыратылады.
6. Сорғы есептегішінің көрсеткіштері салыстырылып оқылады және мөлшерлеу берілісінің циклінде жұмыс айналымы сандары жазылады, *11.16 Есептегіштер* тарауын қар.
7. Сұйыққоймадағы химикаттар көлемі анықталады және жазылып алынады.
8. Мөлшерлеу көлемі мл-де және пайдалану кезеңінде орындалған мөлшерлеу берілісінің цикліндегі айналым саны есептеледі.
9. Калибрлеу мәні есептеу жолымен анықталады:
(мл-дегі мөлшерлеу көлемі/Мөлшерлеу берілісінің цикліндегі айналым саны) x 100.
10. Калибрлеу мәзіріне есептелген мәнді енгізіңіз.

11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 14. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

11.1 Пернетақтасы бар басқару пультінің функциясы



TM02 7068 2503

7-сур. DME сорғысы, алдығы жағындағы кескіні

Сорғыны лайықты қолдану

Егер сорғы 6. Қолданылу аясы тарауына сәйкес қолданылатын болса ғана оның қауіпсіз қолданылуы кепілдендірілген.

Ескертпе

Сорғыларды лайықсыз қолдану және лайықсыз жұмыс жағдайлары мен орталарындағы жұмыстар заңсыз болып есептеледі және оларға рұқсат берілмейді.

Grundfos лайықсыз қолдану нәтижесіндегі кез-келген зақымдану жауапкершілігін көтермейді.

Ескертпе

Атаулы сорғы әлеуетті жарылысқа қауіпті орталарда жұмыс істеуге жол БЕРМЕЙДІ!



11.2 Сорғыны қосу/ағыту

Сорғыны қосу немесе ажыратудың екі мүмкіндігі бар:

- сорғының басқару пультіндегі түймелерін басуы;
- сыртқы тоқтату көмегімен. 9.1 *Электр сызбасы* тарауын қар.

11.3 Сорғыны толтыру/сорғыдан ауаны шығару режимі

Сорғының басқару пультінің пернетақтасында  түймесі бар. Бұл түйме сорғыны қысқа мерзімге мейлінше жоғары өндірімділікпен жұмыс істеу режиміне ауыстыру керек болған жағдайда қолданылады, мысалы алғашқы іске қосқан кезде. Бұл түймені жіберген кезде, сорғы автоматты түрде қайтадан қарқындалатын режимді қосқанға дейінгі жұмыс істеген пайдалану режиміне қайта ауысады.

Сорғының соруы кезінде немесе оның ішінен ауаны шығару кезінде сорғыны қысымға қарсылықсыз жұмыс істетуге немесе ауаны шығару клапанын ашу ұсынылады.

Егер  және  түймелері бір уақытта басылатын болса, сорғы бірнеше секунд бойы мейлінше жоғары өндірімділікпен жұмыс істейтін режимге қосылады. Дисплейден сорғының осы режимнен шығуына дейінгі қалған уақыт көрінетін болады. Мейлінше жоғары үзіліс 300 секундты құрайды.

Указание

11.4 Деңгейді бақылау

Сорғы сұйыққоймада химикаттар деңгейін бақылауға арналған деңгейді бақылау датчигіне қосыла алады.

Сорғы екі деңгейлі деңгей бақылау датчигімен жұмыс істейді және қандай датчиктер (жоғарғы немесе төменгі) іске қосылуына байланысты әр түрлі әсер беруі бойынша жұмыс істейді.

Деңгейді бақылау датчигі	Сорғының жауапты реакциясы
Жоғарғы датчик жұмыс істеп кетті (түйісу түйықталған)	<ul style="list-style-type: none"> • Қызыл түсті авариялық сигнал жарықдиоды жанып тұр. • Сорғы жұмыс істейді. • Авариялық сигнализация реализация жұмыс істеді.
Төменгі датчик жұмыс істеп кетті (түйісу түйықталған)	<ul style="list-style-type: none"> • Қызыл түсті авариялық сигнал жарықдиоды жанып тұр. • Сорғы ағытылды. • Авариялық сигнализация реализация жұмыс істеді.

Деңгейді бақылау блогының қосылуын және авария сигнализациясы релесінің шығуын 9.1 *Электр схемасы* тарауынан қараңыз.

11.5 Мембрананың жарылуының датчигі

Сорғы мембрана арқылы жылыстаудың бар екендігін көрсететін, мембрананың жарылуы датчигімен жабдықталуы мүмкін.

Датчик сорғының мөлшерлеуіш бастиегінде дренажды штуцердің орнына орнатылуы тиіс.

Мембрана жарылған жағдайда датчиктен келетін сигнал авария сигнализациясының релесін қосады. Сонымен қатар 11.20 *Кірулер конфигурациясы* тарауын қараңыз.

Мембрананың жарылуы датчигін қосу бойынша ақпаратты 9.1 *Электр схемасы* тарауынан қараңыз.

11.6 Сигнализация жүйесінің жарықдиодтары және авариялық сигнализация шығуы

Сорғы жұмысты және авариялық сигнализациясының жасыл және қызыл түсті жарықдиодтарымен жабдықталған.

«AR» басқару нұсқасында қауіпсіздік талаптары бойынша төмен вольтті кернеуге ғана қосылатын кіріктірілген сигналды реле көмегімен сыртқы авариялық сигнал белсендіріле алады (SELV).

Сигналды релені тек қана қауіпсіз 30345.0-95 МемСТ-дағы SELV қауіпсіз төмен вольтті кернеудің талаптарымен сәйкес келетін кернеуге қосыңыз.

Назар аударыңыз

Авариялық сигналды беру сигнал беру жүйесінде құрастырылған потенциалсыз түйісумен орындалады.

Екі жарықдиодтың сигнал беру және кіріктірілген авариялық сигнал релесінің функциялары келесі кестеде көрсетілген:

Күйі	Жасыл жарықдиод	Қызыл жарықдиод	Дисплей	Авариялық сигнализация шығуы
Сорғы жұмыс істейді	Жанып тұр	Жанбайды	Стандартты индикация	
Сорғы ағытылды	Жыпылықтайды	Жанбайды	Стандартты индикация	
Сорғы ақауланған	Жанбайды	Жанып тұр	EEPROM	
Кернеу қорегінің берілісі жоқ	Жанбайды	Жанбайды	Жанбайды	
Сорғы жұмыс істейді, химикаттардың төмен деңгейі*1	Жанып тұр	Жанып тұр	НИЗК.УР	
Сұйыққойма бос*1	Жанбайды	Жанып тұр	ПУСТ	
Ұқсас сигнал < 2 мА	Жанбайды	Жанып тұр	НЕТ	
Сорғы жұмыс істейді, алайда мөлшерлеу саны мөлшерлеу мониторианан келетін сигналға сәйкес тым аз*2	Жанып тұр	Жанып тұр	НЕТ РАСХ.	
Қызып кету	Жанбайды	Жанып тұр	МАКС.Т-РА.	

Күйі	Жасыл жарықдиод	Қызыл жарықдиод	Дисплей	Авариялық сигнализация шығуы
«Байланыс» ішкі қатесі	Жанбайды	Жанып тұр	ВНУТ. КОМ.	
«Холл датчигі» ішкі қатесі*3	Жанбайды	Жанып тұр	HALL	
Мембрананың жарылуы*4	Жанбайды	Жанып тұр	УТЕЧКА	
Мейілінше жоғары қысымды арттыру*4	Жанбайды*5	Жанып тұр	ПЕРЕГРУЗ	
Импульстердің кірулер саны мүмкін болатын өндірімділікті арттырады	Жанып тұр	Жанып тұр	МАКС.РАСХ.	
Қозғалтқыш айналмайды*3	Жанбайды	Жанып тұр	ORIGO	

*1 Деңгей датчигімен жалғау талап етіледі. 11.21 Бос сұйыққойма (авариялық сигнал) тарауын қар.

*2 Мөлшерлеу монитормен функциясын белсендіру және мөлшерлеу монитормен жалғау талап етіледі.

*3 Өтінеміз, Grundfos сервистік орталығымен байланысыңыз.

*4  Авариялық сигналдарын ақаулықтарды жойғаннан кейін түсіруге болады.

*5 Сорғы ағытылар алдында жұмыста жаңартудың 10 әрекетін жасайды.

11.7 Мәзір

Сорғының  түймесін басумен туындататын мәзірді оңтайлы қолданушысы бар, Барлық мәтіндік ақпарат дисплей экранына орыс тілінде шығарылады. Алайда пайдалануды бастапқы іске қосу барысында ақпарат ағылшын тілінде шығарылады.

Тілді таңдау үшін 11.19 Тілді таңдау тарауын қараңыз. Мәзірлердің әрбір терезесенің тағайындалымы төменде сипатталады. Егер мәзір терезесінде ✓ символы көрінетін болса онда осы функция белсендірілген.

Егер кез келген терезеде «Қайтару» таңдалатын болса, экран дисплейінде қандайда бір өзгеріссіз сорғы автоматты түрде жұмыс индикациясына оралады.



8-сур. Сорғы мәзірінің сызбасы

	11.9 тарауын қараңыз
	11.10 тарауын қараңыз
	11.11 тарауын қараңыз
	11.12 тарауын қараңыз
	11.13 тарауын қараңыз
	11.14 тарауын қараңыз
	10.1 тарауын қараңыз
	11.11 тарауын қараңыз

	11.24 тарауын қараңыз
	11.17 тарауын қараңыз
	11.18 тарауын қараңыз
	11.19 тарауын қараңыз
	11.15 тарауын қараңыз
	11.20 тарауын қараңыз
	11.21 тарауын қараңыз
	11.22 тарауын қараңыз

11.8 Пайдалану режимдері

Егер мөлшерлеуіш-сорғының калибрлеуі оны пайдаланатын жүйеге орнатқаннан кейін орындалған болса, тек сол жағдайда ғана литрлерде (немесе мл) берілген мәндер дисплейдің экранынан талап етілетін дәлдікпен көрсетіледі, 10.1 Калибрлеу тарауын қараңыз.

Нұсқау

Пайдаланудың әртүрлі бес режимі бар:

- **РУЧНОЙ** (қолмен басқару),
- **ИМПУЛЬСН** (импульсті),
- **АНАЛОГОВ** (ұқсас),
- **ТАЙМЕР** (уақыт релесімен) (партияны жүктеумен басқарудың ішкі сигналын қолдана отырып),
- **ПАРТИЯ** (партияны жүктеу режимі) (басқарудың сыртқы сигналын қолдана отырып).

Бұл режимдердің әр қайсының сипаты төменде тиісті тарауларда берілген.

11.9 Қолмен басқару режимі

Қолмен басқару режимі сыртқы сигналдардан тәуелсіз, мөлшерлеудің мейлінше жоғары болуы мүмкін тұрақтылығы мен бір қалыптылығын қамтамасыз етеді.

Мөлшерленетін көлем л/сағ немесе мл/сағ анықталуы тиіс (9-сур. қар.). Өлшем бірліктерін ауыстыру сорғымен автоматты түрде жүргізіледі.


Реттеу диапазоны:

DME 60: 75 мл/с - 60 л/сағ

DME 150: 200 мл/с - 150 л/сағ

DME 375: 500 мл/с - 375 л/сағ

DME 940: 1200 мл/с - 940 л/сағ



9-сур. Сорғы өндірімділігін орнату алгоритмі

11.10 Импульсті режим

Мөлшерлеу берілісі сыртқы импульсті сигналға байланысты сорғымен жүзеге асырылады (мысалы, импульсті сигналдар мен реттегіштермен су шығының есептегіш).

1 импульске келетін мөлшерленетін көлемді мл/импульспен анықтау керек (10-сур. қар.).

Өндірімділікті реттеу сорғымен автоматты түрде екі параметр бойынша жүзеге асырылады:

- сыртқы импульстердің жиілігі,
 - импульске анықталған көлемді берілу.
- Сорғы екі импульстің арасындағы уақытты өлшейді және қажетті өндірімділік үшін жылдамдықты есептейді (импульске көлем x импульстердің жиілігін).

Сорғы екінші импульсті алмайынша жұмыс істеуін бастамайды, осыдан кейін ол қолмен басқару жағдайындағыдай тұрақты шығынды қалыпта ұстауға тырысады. Сорғы әрбір алынған импульстан кейін жылдамдықты қайта есептеп отырады.

Сорғы тоқтатылады:

- екі импульстің арасындағы уақыт алдыңғы екі импульстердің арасындағы уақыттан үш есе көп болған кезде,
- егер екі импульстің арасындағы уақыт екі минуттан артып кетсе.

Сорғы келесі екі сигналды алмайынша соңғы есептеп шығарылған жылдамдықта жұмыс істейтін болады.

Сорғы циклдағы барлық импульстарды істетіп болған соң тоқтатылады және келесі екі импульсті алғаннан кейін ғана қайта іске қосылады.


Реттеу диапазоны:

DME 60: 0,000625 мл/импульс - 120 мл/импульс

DME 150: 0,00156 мл/импульс - 300 мл/импульс

DME 375: 0,00392 мл/импульс - 750 мл/импульс

DME 940: 0,00980 мл/импульс - 1880 мл/импульс



10-сур. Мл/имп. мөлшерлеу көлеміндегі орнатылым алгоритмі

1 импульске келетін мөлшерлеу көлемінің анықталған мәні сорғының мейлінше жоғары өндірімділігінен артатын сыртқы импульс жиілігіне көбейтілген жағдайда, сорғы мейлінше жоғары өндірімділікпен мөлшерлеу режимінде жұмыс істейді.

Импульстердің артың сандары ескерілмейді және дисплейден «МАКС.РАСХ.» көріненді.

11.11 Ұқсас режим

Мөлшерлеу берілісі сыртқы ұқсас сигналына байланысты сорғымен жүзеге асырылады.

Мөлшерлеу көлемі мА-ға кіру сигналының кіру мәніне пропорционалды.

4-20 (қалып бойынша):	4 мА = 0 %.
	20 мА = 100 %.
20-4:	4 мА = 100 %.
	20 мА = 0 %.
0-20:	0 мА = 0 %.
	20 мА = 100 %.
20-0:	0 мА = 100 %.
	20 мА = 0 %.


11 және 12-сур. қар.

Өндірімділікті шектеу функциясы ауқымды берілісті реттеуге мүмкіндік береді.


Мейлінше үлкен бірлісіне немесе орнатылған өндірімділік мәніне 100 % сәйкес келеді,

11.12 Таймер базасында мөлшерлеудің кезеңдік процесімен басқару жүйесі тарауын қар.

Ұқсас кіруі корпустан оқшаулануы керек. Корпусқа м.т. қарсыластығы: 50 кОм.




11-сур. Оң көлбеу бұрышы бар ұқсас сигналын масштабтау.



12-сур. Ұқсас сигналға сай келетін шығын индикациясы

Егер 4-20 мА немесе 20-4 мА ұқсас сигналы таңдалып, ал сигнал мәні 2 мА болатын болса, онда мөлшерлеуіш-сорғының ақаулық сигналы индикацияланады. Бұндай, егер жалғаулардың үзілуі туындаса, мысалы сымдардың зақымдануы салдарынан болуы мүмкін.

Пайдаланудың «Ұқсас режимін» 13-сур. көрсетілгендей етіп, өзгерту (АНАЛОГОВ):



13-сур. Ұқсас сигнал диапазонын таңдау алгоритмі

11.12 Таймер базасында мөлшерлеудің кезеңдік процесімен басқару жүйесі

Сорғы мейлінше жоғары өндірімділігімен және орнатылған шектеулі өндірімділігімен кезеңдік мөлшерлеу берілісі жүзеге асырылады, **11.17 Зауыттық орнатылымға қайтару** тарауын қар.

Мөлшерлеп берудің бірінші циклына дейінгі уақыт, келесі аралықтың уақыты сияқты минутпен, сағатпен және тіпті күнмен қойылуы мүмкін. Мейлінше ұзақ анықталған уақыт 9 күн 23 сағат және 59 минутты (9:23:59) құрайды.

Қойылатын уақыттың мейлінше төмен жол берілетін мәні 1 минутты құрайды.

Сорғыны «Қосу/ажырату» түймесімен, немесе сұйық қойманы толық босату нәтижесінде, немесе ажыратуға берілген бұйрықпен ажыратылғаннан кейін, басқару жүйесінің уақыт релесі функциясын жалғастыра береді, 14 және 15-сур. қараңыз.

«ОТ» пайдаланылған уақытта «В» дан нөлге дейін есептеледі. Сол арқылы келесі партияны жүктеуге дейін қалатын уақытты анықтауға мүмкіндік болады.

Бір партияға қажетті уақытқа қарағанда, «В» мәні жоғары болуы тиіс. Егер «В» мәні төмен болатын болса, онда келесі партия ескерілмей қалады.


TM02 4498 1102

Мөлшерлеу көлемі программасына енгізілген тоқ кернеуі жойылған кезде, «В» уақыт интервалы және «ОТ» қалған уақыт аралығы 3У ға жазылады.

Тоқ кернеуі қалпына келген жағдайда сорғы қайтадан тоқ кернеуі жоғалған кезде болған «ОТ» уақыт аралығына іске қосылады.

Енді цикл алайда құрылғының тоқсыз тұрған уақыт ұзақтығына сәйкес келетін уақыт кешігуімен жалғастырылатын болады.

Әр кезеңдегі мөлшерленген сан



TM01 8942 0900

14-сур. Таймер базасында мөлшерлеу процесінің сызбасы

DME 60: 6,25 мл/кезең - 120л/кезең

DME 150: 15,6 мл/кезең - 300 л/кезең

DME 375: 39,1 мл/кезең - 750 л/кезең

DME 940: 97,9 мл/кезең - 1880 л/кезең.

Тек мөлшерлеудің толық жүрісіне сәйкес келетін мәндерді ғана енгізуге болады (калибрлей коэффициентіне сәйкес).

Мейілінше төмен мән калибрлеу нәтижесіне байланысты анықталады.


Көрсетілген мейілінше төмен мәндер сорғының зауыттық калибрлеуіне арнап келтірілген.

Мысалы:

Егер калибрлеу коэффициенті 625 (=6,25 мл/айн.) құрайтын болса, онда «Таймер» және «Партия» пайдалану режимдеріне арнап 6,25 мл (= 1 айн.) -> мейілінше төмен мөлшерлеу көлемін орнатуға болады келесі мөлшерлеу көлемі 12,5 мл (= 2 айн.) болады, және т.с.

Бұндай сатылық орнату мөлшерлеудің 100 жұмыс айналымына сәйкес келетін мөлшерлеу көлемінің мәніне дейін сақталады. Бұдан жоғары мәнде орнату диапазонының, басқа пайдалану режимдеріндегідей стандартты бөлуі болады.

Егер «Таймер» және «Партия» режимдеріне тиісті мәндерді енгізгеннен кейін, калибрлеу коэффициенті өзгерсе, сорғыны басқару жүйесі автоматты түрде бір партияға келетін мөлшерлеудің жұмыс айналымы санының жаңа мәнін есептейді және бастапқы орнатылған мәнге жақын дисплейдегі мәнді өзгертеді.




15-сур. Таймер базасында сорғының жұмыс режимін орнату алгоритмі

11.13 Импульсті датчик базасындағы мөлшерлеудің кезеңдік процесін басқару жүйесі («Партия» режимі)

Көлемнің жүктелетін партиясы үшін берілген мөлшерленген берілу мейілінше жоғары өндірілімді сорғымен немесе орнатылған шектеулі өндірімділікті сорғымен жүзеге асырылады, 11.15 Өндірімділікті шектеу тарауын қараңыз.

Бұл көлемнің мөлшерленіп берілуі сорғы сыртқы импульсті сигнал алған кезде болады (16 және 17-сур. қар.).


Егер сорғы алдыңғы партияны мөлшерлеуді аяқтаған сәтке дейін жаңа импульсты сигналдар алатын болса, онда ол оларды ескермейді.



16-сур. Импульсті датчик базасындағы мөлшерлеу процесінің схемасы («Партия» режимі)

Реттеу диапазоны уақыт релесімен пайдалану режиміне арналған реттеу диапазонына ұқсас, 11.12 Таймер базасындағы мөлшерлеудің кезеңдік процесін басқару жүйесі тарауын қараңыз.

TM01 8947 0900



17-сур. «Партия»-жұмыс режимін орнату алгоритмі


11.14 Антикавитациялық режимі

Сорғының антикавитациялық функциясы бар. Бұл функцияны таңдау кезінде сорғы сорып алуды жақсарту үшін сорып алу жылдамдығын дәлдеп отырады.

Антикавитациялық режимі келесі жағдайларды қолданылуы мүмкін:

- кілегейлігі жоғары ортаны беру кезінде,
- егер сорып алу құбыр желісінің ұзындығы үлкен болса,
- сорып алу биіктігі үлкен болған кезде.

Айдалатын сұйықтықтың параметрлеріне байланысты, сорып алу жылдамдығы мейілінше жоғары сорып алу жылдамдығынан 75 %, 50 % немесе 25 % азайуы мүмкін (8-сур. қар.). Сорғының мейілінше жоғары өндірімділігі «антикавитация» режимін таңдау кезінде азаяды. 14.1 Механикалық бөлігінің техникалық деректері тарауын қараңыз.



18-сур. «Кавитацияға қарсылық» режимін орнату алгоритмі


11.15 Өндірілімдіктің шектелуі

Бұл функция сорғының мейілінше жоғары өндірімділігіне «МАКС. МОЩ.» шектеу қоюға мүмкіндік береді (19-сур. қар.).

Сонымен қатар ол сорғы, әдетте, мейілінше жоғары өндірімділікте жұмыс істейтін функцияларға да әсерін тигізеді.

Пайдаланудың қалыпты жағдайларында сорғы берілген мәннен артатын өндірімділікпен жұмыс істей алмайды.

Бірақ бұл мейілінше жоғары өндірімділік түймесінің (000) функциясына таратылмайды, 11.3 Сорғының сорып алу режимі/сорғыдан ауаны шығару тарауын қараңыз.




19-сур. Сорғының мейілінше жоғары өндірімділігіне шектеу орнату алгоритмі

11.16 Есептегіштер

Сорғының басқару пультінің дисплей экранында нөлге қайтаруға мүмкін болмайтын мәндер кескінделуі мүмкін (20-сур. қар.):

- «КОЛ-ВО» (мөлшерленген) Литрдегі немесе галлондағы сұйықтықтың жиынтық саны
- «ТАКТЫ» (айналым саны) Мөдшерлі беріліс цикліндегі айналым санының жиынтық саны.
- «ЧАСЫ» (пайдаланудың мото-сағаты). Пайдаланудың мото-сағатының саны.
- «РАБОТА» (желіні қосу) Желіні қосулардың саны.



20-сур. «Есептегіштер» көрсеткіштерін алу алгоритмі

11.17 Зауыттық орнатылымдарына қайтару

Егер мәзірдің терезесінде «ПО УМОЛЧ» таңдайтын болса, сорғы пайдалану режимінің зауыттық орнату мәндеріне қайта оралады (21-сур. қар.).


Сондай-ақ калибрлеу нәтижелері де қайтарылатын болады және сорғы зауыттық калибрлеулеріне қайта оралады.

Сондықтан егер «ПО УМОЛЧ» функциясы енгізілген болса, сорғыға жаңа калибрлеу қажет болады.

«Қалып бойынша» мәні, бұл дайындаушы зауытта орнатылған барлық параметрлердің мәндері. Басқару мәзірінің «НАСТР-КА.» тармағында «ПО УМОЛЧ» функциясын таңдаңыз.


«Қалып бойынша» орнату:

Жұмыс режимі:	Қолмен басқару
Өндірімділігі:	Мейілінше жоғары өндірімділік
Пернетақтаны блоктау:	Блоктан шығарылған
Қалып бойынша пернетақтаның блокнан шығару коды:	2583
Антикавитация:	Ажыратылған
Антикавитациялық режим:	4-20 mA
Сандық кірулер:	Қалыпты ажыратылған
Өндірімділіктің шектеуі:	Мейілінше жоғары өндірімділік
Сорғыны қайтадан іске қосу үшін авария сигналын қайтару керек.	
Мөлшерлеу маниторының сигналы:	Ажыратылған
Тілі:	Ағылшын
Өлшем жүйесі:	Метрикалық



21-сур. Зауыттық орнатылымдарға қайтару алгоритмі

11.18 «Қайтару» функциясы




22-сур. Сорғы мәзіріндегі «ВОЗВРАТ» функциясының индикациялануы

«ВОЗВРАТ» функциясы Сіз мәзірдің қандай да бір функцияларымен пайдаланғаннан кейін, мәзірдің кез келген деңгейінен өзгеріссіз режимнің бастапқы индикациясына қайтып оралуға мүмкіндік береді.

11.19 Тілді таңдау

Мәтін дисплей экранына келесі тілдерде шығарылады:

- Неміс,
- Ағылшын,
- Француз,
- Италиян,
- Испан,
- Португаль,
- Голланд,
- Швед,
- Фин,
- Дания,
- Чех,
- Словакия,
- Поляк,
- Орыс.



23-сур. Тілді таңдау алгоритмі

11.20 Кірулер конфигурациясы


24-суретте болуы мүмкін орнатылымдар көрсетілген.

Деңгейді бақылау сигналы, мөлшерлеуді тоқтату сигналы және мембрананың жарылуы сигналы кірулерінің түйісулері өзінің функциясын NO-дан (қалыпты ажыратылған) NC-ке (қалыпты тұйықталу) ауыстыра алады. Бұндай өзгерістер болған жағдайда бұл кірулер қалыпты пайдалану режимі кезінде қысқа тұйықтаулы болуы керек. Мөлшерлеу маниторының кіруі «ВКЛ»-дан «ВЫКЛ»-ға өзгеруі мүмкін.

Ұқсас кіру көрсетілген сигналдар типінің біреуімен жұмыс істей алады:

- 4-20 мА (қалып бойынша),
- 20-4 мА,
- 0-20 мА,
- 20-0 мА.

Сонымен қатар 11.11 Ұқсас режим тарауын қараңыз.



24-сур. Кірулер конфигурациясының алгоритмі

11.21 Бос сұйық қойма (авариялық сигнал)

Авариялық сигналдың функциясы «АВТ. РЕЗ» немесе «РУЧН. РЕЗ» орнатылуы мүмкін. Бұл функция деңгей датчигі «ПУСТОЙ» көрсетіп тұрған кезде қолданылады.

Сыйымды ыдыс толтырылғаннан кейін, «авария» сигналы автоматты түрде (АВТ. РЕЗ функциясы) қайтарылуы мүмкін немесе қолмен (РУЧН. РЕЗ) қайтарылады.

Нақты ақпарат алу үшін 11.6 Сигнализация жүйесінің жарық дидтары және авариялық сигнализацияның шығуы тарауын қараңыз.

11.22 Өлшем бірліктері


Өлшеудің метрикалық бірліктерін (литр/миллилитр) немесе АҚШ өлшем бірліктерін орнатуға болады (галлондар) (25-сур. қар.).

Метрикалық өлшем бірліктері:

- **«Қолмен басқару» және «Ұқсас» пайдалану режимдері:** мөлшерлеу көлемін сағатына литрмен (л/сағ) немесе сағатына миллилитрмен (мл/с) енгізу.
- **«Импульсті» пайдалану режимі:** мөлшерлеу көлемін мл/импульске енгізу. Ағымдағы өндірімділік сағатына литрлермен (л/сағ) немесе сағатына миллилитрлермен (мл/сағ) көрсетілген.
- **Калибрлеу:** өлшерлеу көлемін 100 айналымға миллилитрмен енгізу.
- **«Таймер» және «Партия» пайдалану режимдері:** мөлшерлеу көлемін литрлермен (л) немесе миллилитрлермен (мл) енгізу.
- Мөлшерлеудің жалпы көлемі «СЧЕТЧИКИ» мәзіріндегі «КОЛ-ВО» тармағында литрлермен көрсетілген.


АҚШ өлшем бірліктері:

- **«Қолмен басқару» және «Ұқсас» пайдалану режимдері:** мөлшерлеу көлемін сағатына галлонмен енгізу (гл/сағ).
- **«Импульсті» пайдалану режимі:** мөлшерлеу көлемін мл/импульс өлшемімен енгізу. Ағымдағы өндірімділік сағатына галлонмен көрсетілген (гл/сағ).
- **Калибрлеу:** өлшерлеу көлемін 100 айналымға миллилитрмен енгізу.
- **«Таймер» және «Партия» пайдалану режимдері:** Мөлшерлеу көлемін галлондармен енгізу (гал).
- Мөлшерлеудің жалпы көлемі «ЕСЕПТЕГІШТЕР» мәзіріндегі «САНЫ» тармағында галлондармен (гал) көрсетілген.

**25-сур.** Өлшем бірліктерін таңдау және орнату алгоритмі

11.23 Мөлшерлеуді бақылау

Мөлшерлеу мониторының сорғыға қосылуы.



26-сур. Мөлшерлеу мониторын қосу алгоритмі

Мөлшерлеу мониторынан келетін сигнал үшін кіру мөлшерлеу мониторын бақылау құрылғысынан сигналдың потенциалсыз импульстарын алуға арналған.

Мөлшерлеу мониторынан сигнал алу сорғыға сорып алу желісінде газдың бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді (26-сур. қар.).

Мөлшерлеу мониторын орнату үшін, «Мөлшерлеу маниторы. Төлқұжат, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулық» құжатымен танысыңыз.

11.24 Басқару пультінің пернетақтасын блоктау

Басқару пультінің пернетақтасы блокталып қалуы мүмкін. Пернетақтаны блоктау функциясының екі орнатылымы бар: «ВКЛ» немесе «ВЫКЛ».

Қалып бойынша орнатылым: «ВЫКЛ».

«ВКЛ» және «ВЫКЛ» арасында қайта қосу үшін, PIN код қажет болады. Егер «ВКЛ» орнатылымы бірінші рет таңдалған болса, дисплейде «0000» индикациясы пайда болады.

Егер код бұрын енгізілген болса, «ВКЛ» орнатылымына ауысар кезде, осы кодтың индикациясы шығады. Онда бұл кодты қайтадан енгізу керек, немесе оны өзгерту керек.

Егер ешқандай код енгізілмеген болса, онда кодты «0Т» және «В», мәндерді беретін тәсілмен беру керек, сипатын *11.12 Таймер базасындағы мөлшерлеудің кезеңдік процесін басқару жүйесі* тарауынан қараңыз.

Егер код енгізілген болса, активтендірілген өрістер жыпылықтай бастайды.

Егер пернетақта блокталған кезде онымен жұмыс істеуге әрекет жасалатын болса, онда 2 секунд ішінде дисплейде «ЗАБЛОК» жазуы көрінеді, ал содан кейін «0000» индикациясы пайда болады.

Енді кодты енгізу қажет. Егер 10 секунд ішінде код енгізілмесе, дисплей қандайда бір өзгеріссіз жұмыс режимінің индикациясына қайтарылады.

Қате кодты енгізген кезде 2 секундтың ішінде дисплейде «ЗАБЛОК» жазуы көрінеді, ал содан кейін «0000» индикациясы пайда болады.

Енді жаңа кодты енгізу керек. Егер 10 секундтың ішінде код енгізілмейтін болса, дисплей қандай да бір өзгеріссіз жұмыс режимінің индикациясына қайтарылады. Бұл индикация сонымен қатар, егер дұрыс кодты енгізу 2 минуттан артық жалғастырылған жағдайда пайда болады.


Егер блоктау функциясы қосылған болып, ал басқару пультінің пернетақтасы блокталудан шығарылған болса, онда егер 2 минуттың ішінде бірде-бір түйме басылмайтын болса, пернетақтаны блоктау автоматты түрде жүргізіледі.

Блоктау функциясы сонымен қатар «ВКЛ» жолымен «БЛОКИР» мәзірен қоса алады. Дисплей экранында ертеректе енгізілген код көрінеді. Мұндай кодты енгізу үшін,  түймесін төрт рет басу керек. Кодты сонымен қатар өзгертуге болады.

Пернетақтаны не енгізілген кодты шақырумен, немесе 2583 зауыттық кодының көмегімен блокталудан босату.

Пернетақтаны блокау барысында келесі түймелер мен кірулерді атқарымдауға болады:

-  толтыру түймесі,
- қосу/ажырату түймесі,
- барлық кіру сигналдары.



27-сур. Пернетақтаны блоктауды қосу/ажырату алгоритмі

Блоктау функциясын және пернетақтаны блоктауды қосу (27-сур. қар.):

1. Мәзірде «БЛОКИР.» таңдау.
2. және түймелерінің көмегімен «ВКЛ» енгізу және енгізуді түймесін баса отырып растау.
3. Код енгізу немесе және түймелерінің көмегімен жаңа код енгізу.

Енді пернетақтаны блоктау функциясы қосылды, пернетақтаның өзі блокталды.

Басқару пультінің пернетақтасын блоктан ашу (қосылған блоктау функциясын сақтау барысында):

1. түймесін бір рет басу. Дисплейде 2 секунд бойына «ЗАБЛОК» жазбасы, ал кейін «0000» индикациясы көрінеді.
2. және түймелерінің көмегімен код енгізу*.

Енді басқару пультінің пернетақтасы блоктан босатылды және ол 2 минут ішінде бірде-бір түйме басылмайтын болса, автоматты түрде қайта блокталатын болады.

Пернетақтаны блоктау функциясын ағыту:

1. Басқару пультінің пернетақтасын жоғарыда сипатталғандай етіп блоктауды ашу.
2. Мәзірден «БЛОКИР.» таңдау.
3. және түймелерінің көмегімен «ВЫКЛ» енгізу және түймесін баса отырып растау.

Енді блоктау функциясы ағытылды және басқару пультінің пернетақтасы блоктан ашылды.

* Пернетақтаны кез-келген уақытта 2583 қауыптық кодының көмегімен блоктан босатуға болады.

11.25 ProfiBUS хаттамасы бойынша басқару

11.25.1 Құрылғы мәндері

